

Ы. Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтын қайта құру және "Білім" ғылыми-педагогикалық бірлестігін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 маусым N 477. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.08.11. N 1244 қаулысымен. ~P971244

Жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, үздіксіз білім беру проблемалары бойынша кешенді зерттеулер жүргізу, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны, әдістері мен құралдарының жаңа тұжырымдамалық шешімдерін әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институты болып қайта құрылсын.

Институтты қайта құру Қазақстан Республикасы Білім министрлігіне ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін бөлінген бюджеттік қаражат шегінде жүргізілген.

2. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің "Білім" ғылыми-педагогикалық бірлестігін ("Білім" ҒПБ) халыққа білім беру жүйесіндегі мына мекемелердің құрамында ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

Қазақтың білім проблемалары институты;

Алматы қаласындағы N 1 қалалық педагогикалық училище;

Алматы қаласындағы N 159 орта мектеп;

Алматы қаласындағы N 29 және N 204 балабақшалар.

Алматы қаласының N 1 педучилищесін, N 159 орта мектебін, N 29 және N 204 бала бақшаларын қаржыландыру Алматы қаласының бюджетінен жүзеге асырылсын < * >

Ескерту. 2-ші тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРМҚ-нің 1995.11.16. N 1551 қаулысымен. P951551_ (3 тармақ) < * >

Ескерту. 3-ші тармақтың күші жойылған, 4,5 және 6 тармақтар тиісінше 3,4 және 5 тармақтар болып саналсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Алматы қаласының әкімі тиісті бюджеттерге өзгерістер енгізсін.

5. Білім беру және психология-педагогика ғылымдарының аса маңызды бағыттарын жеделдете дамыту мақсатында, Қазақстан Республикасының Білім министрлігі халық педагогикасы жоғары білім ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру туралы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМК-нің 1994.12.05. N 1368 қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Алматы қаласының әкіміне 1993-1994 жылдары "Білім" ғылыми-педагогикалық бірлестігі үшін көлемі 1 мың шаршы метр тұрғын үй көлемінде күрделі қаржы лимитін бөлуді көздейтін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК